



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**  
(Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй)

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ  
АКЦИОНЕРЛЕРІ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы 2021 жылғы 23 сәуірде өткен Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында Банктің 2020 жылғы қызметі нәтижелері бойынша Банктің жай акциялары (ISIN KZ000A0LE0S4) бойынша дивидендтер төлеу туралы қабылданған шешімі туралы хабарлайды:

бір жай акцияға есептелетін дивиденд мөлшері: 18,00 теңге;

дивидендтерді төлеу басталатын күн: 2021 жылғы 01 маусым;

дивидендтерді төлеу тәртібі және нысаны:

2021 жылғы 26 сәуірдегі сағ. 00:00 (Алматы қаласы уақыты бойынша) жағдай бойынша дивидендтер алуға құқылы акционерлердің тізімі құрылған күн;

дивидендтер төлеу нысаны – қолма-қол ақшасыз.

Банк акционерлеріне төленуі тиіс дивидендтер сомасы 211 573 млн. теңгені құрайды.

Құрметті акционерлер, Банк акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде сіздің жаңартылған деректемелеріңіз туралы мәліметтер болмаған жағдайда, дивидендтерді алу үшін сізге 2021 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде:

1) «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-қа (бұдан әрі – Орталық депозитарий) тиісті құжаттарды ұсына отырып, Банк акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті (оның ішінде банк шотының деректемелері туралы) мәліметтердің өзгеруі туралы мынадай мекенжайлар бойынша:

Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Сәтпаев к-сі, 30/8 үй, «Тенгиз тауэрс» ТК аумағында (байланыс телефоны: 8 (727) 312-33-04);

немесе «Қазпочта» АҚ офистерінде орналасқан трансфер-агент офистеріне жүгіну қажет; немесе

2) олардың тізбесі мен мекенжайлары <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде), және <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде) және <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелері бойынша Банктің корпоративтік сайтында орналасқан Банктің Дербес сервис орталықтарына жүгіну қажет.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн өткенге дейін (2021 жылғы 22 шілдеге дейін) Банк дивидендтерді акционерлер дивиденд төлеу үшін қажетті өз деректемелерін жаңартуына қарай төлейтінін қосымша хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 23-бабының талаптарына сәйкес Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің жаңартылған деректемелері туралы

мәліметтер болмаған жағдайда, дивидендтер заңнамада белгіленген мерзімде, талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін Орталық депозитарийде ашылған шотқа аударылады. Осылайша, тиесілі дивидендтерді алмаған жағдайда, Банк акционерлері **2021 жылғы 30 шілдеден кейін** Банктің жай акциялары бойынша есептелген дивидендтерді алу үшін Орталық депозитарийге жүгінуі тиіс.

**Олардың базалық активтері «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жай акциялары болып табылатын Жаһандық Депозитарлық Қолхаттардың (бұдан әрі – ЖДҚ) иеленушілері үшін арнайы ескерту:**

ЖДҚ ұстаушыларына дивидендтер төлеу рәсімі туралы ақпаратты The Bank of New York Mellon-да, 240 Гринвич-стрит, 8-қабат, Нью-Йорк NY, 10286U.S.A. (бұдан әрі - Депозитарий) алуға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін ЖДҚ иеленушілері Депозитарийге хабарласа алады:

Татьяна Аксенова ханым, телефоны: +1 212 815 4158, электрондық поштасы:  
[tatsiana.axenova@bnymellon.com](mailto:tatsiana.axenova@bnymellon.com)

Мира Даскаль ханым, телефоны: +1 212 815 5021, электрондық поштасы:  
[mira.daskal@bnymellon.com](mailto:mira.daskal@bnymellon.com)

Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу мәселелсі бойынша қосымша ақпарат алу үшін Банк акционерлері Топ капиталын басқару департаменті қызметкерлерінің байланыс телефондарына хабарласа алады: +7 701 788 33 51, +7 701 764 75 05, +7 701 373 22 32, +7 777 232 10 31.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ**